

Хаттама №4

Бүгін, яғни 13 желтоқсан 2022 жылы Баршақұм орта мектебінде қамқоршылық кеңестің жиналысы болып өтті.

Күн тәртібі:

1. «Қайырымдылық» акциясын ұйымдастыру;
2. Мектептегі дарынды оқушылармен жұмыс.

Тыңдалды:


1. ДТДЖО: Т. Мейрман мектебіміздегі «Қоғамға қызмет» еріктілер клубының жетекшісі А. Өтегеновтың ұйымдастыруымен, клуб мүшелерінің қатысуымен «Жәрмеңке» өткізілді. Одан түскен қаржыға «Қайырымдылық» акциясының ұйымдастырылып, даярлық топ, 1-4 сынып оқушыларына жаңа жылдық мереке кезінде оқу құралдары табысталды.
2. Сонымен бірге мектептегі дарынды оқушылармен де А. Өтегенов жұмыс жасайды. Биыл оқушылармен мектепшілі «Ғылыми жоба қорғау» жұмысы ұйымдастырылып, бір оқушымыз А. Тілегенов аудандық кезеңнен, облыстық деңгейге өтті. Жоғарғы сынып оқушылары арасында «Кім білгір?» атты сайыс өткізілді. Мектебімізде «Дарынды оқушылармен жұмыс» стенді жасақталды. Дарынды оқушылармен жұмыс жақсы жолға қойылып келеді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөйлеушілер:

1. **Л. Нұрбергенова (зейнеткер)** – Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып отырмыз. Жас келсе, іске дейді. А. Өтегенов жақсы жұмыс жасап келеді. Оған дәлел ретінде «Қоғамға қызмет», «Дарынды оқушылармен жұмыс» стенділері шығарылып, оқушы жетістіктері ілінген. «Қоғамға қызмет» еріктілер клубы жақсы жұмыс жасап келеді. «Қайырымдылық» акциясын ұйымдастырып, оқушыларға жаңа жыл кезінде оқу құралдарын сыйлағаны өте тамаша. Оқушылар кішіге қолқорлық жасап, үлкенге ізет көрсетуге үйренеді.
2. **Г. Амантурлина (ата-ана)** – Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдап, талқылап отырмыз. Мектепте ұйымдастырылған шаралар көз алдымызда ұйымдастырылып жатыр. «Қоғамға қызмет», «Дарынды оқушылармен жұмыс» жақсы жолға қойылған. Бұл қоғамдық жұмыстың екеуіне де А. Өтегенов жетекшілік етеді. Балаларымыздың жақсы білім мен тәрбие алғаны жақсы деп ойлаймын.
3. **Т. Қырдабаев . (ата-ана)** – Осы мектепте менің барлық балам білім алды. Жақсы білім береді. Сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру жақсы жолға қойылған. Жас маман А. Өтегеновтың жан – жақты жұмыс жасайтын мұғалім. Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып отырмыз. Қоғамдық ұйымдардың жұмысы жақсы жолға қойылған. Ары қарай да жақсы жұмыс жасай берсін.

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай, талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы етеді:

1. Мектептегі қоғамдық ұйым жұмыстары одан әрі жандандырылсын.
2. «Дарынды оқушылармен» зияткерлік сайыстар жиі ұйымдастырылсын

Жиналыс төрағасы:  К. С. Сыдықов
Хатшы:  Т.М. Мейрман

Хаттама №1

Бүгін, яғни 21 қаңтар 2022 жылы Баршақұм орта мектебінде қамқоршылық кеңестің жиналысы болып өтті.

Күн тәртібі:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу шаралары.
2. Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы.

Тыңдалды:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу шаралары Т. Мейрман хабарлама жасады. Бала тәрбиесіндегі ата- ана және сынып жетекшінің ролі, қоршаған орта әсері туралы хабарлама жасады. Қазіргі кезде жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық, оны болдырмау жолдары айтылды. Сонымен қатар аналар мектебі және әкелер мектебінің жұмысы туралы айтылды. Әкелердің мектепке жиі келіп тұруы, әсіресе ер балалармен жасалатын жұмыс түрін жандандыру керектігі ескертілді.
2. Мектепте ақылы және ақысыз үйірмелер жұмыс жасайтыны, сонымен қатар дебат, қоғамға қызмет клубтары жұмыс жасап жатқаны туралы айтылды. Оқушылардың бос уақытында үйірмелерге келуіне жағдай жасау. Сонымен бірге спорттық үйірмелер ақылы түрде жұмыс жасап жатқаны, көптеген оқушылар спортқа қызығатыны туралы айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөйлеушілер:

1. **Ыбыраева А. (ардагер ұстаз)** – Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып отырмыз. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты күнбе-күн теледидардан көріп отырмыз, тәртіп бұзушылық өте көп. Бірақ, біздің аулымыз тыныш. Шағын ауыл. Сондада әркім өз баласын қадағалау қажет. Қазір интернет желісі жетілген заман. Кәмелетке толмағандар еліктейді. Сол себептен бала тәрбиесінде ата - анамен мектеп мұғалімдері тығыз байланыста болуы қажет. Үйірмеге оқушыларды көп тарту қажет. Мектебімізде өнерлі балалар да бар. Оқушының бос уақытында үйірмелерге баруы қажет деп ойлаймын. Ата – аналар жиналысына көбіне аналары келеді. Әкелер мектепке көбірек келуі керек деп ойлаймын. Жалпы айтқанда оқушы мектеп ережесіне бағынған дұрыс. Б. Момышұлы «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген ұлағатты сөзі бар. Тәртіп қашан да тәртіп.
2. **Қырдабаев М. Ж. (ата-ана, кәсіпкер)** – Менің осы мектепте 2 балам оқиды. Сабақтарына енемін, мектепте өткізіліп жатқан тәрбие жұмыстарына жиі атсалысамын. Ата-ана жиналыстарына үзбей қатысамын. Әкесі ретінде балалардың тәртібін, оқу үлгерімін өзім бақылағым келеді. Мектеппен көбінесе әйел адамдар байланысады. Әкелер, аналар мектебінің жұмысын жандандыру керек деген ұсынысына қосыламын. Тіпті ата-аналар жиналыстарына да тек аналар қатысып жүр, әкелерде бала тәрбиесіне атсалысса деймін. Аулымыз тыныш. Өрескел тәртіп бұзатын оқушы, құқық бұзушылық болып жатқан жоқ. Дегенмен де алдын алу шаралары жүрген жақсы. Мектепте ақылы, ақысыз үйірмелер жұмыс жасап жатыр. Саз мектебінің жанынан ашылған «Домбыра» үйірмесіне қатысқан оқушылар облыстық, республикалық байқауларда орын алып жүр. Спортта да осындай жетістікке жету керек деп ойлаймын.
3. **Амантурлина Ж. Б. (кітапханашы)** – Мен осы мектеппен үнемі байланыстамын. Мәдени көпшілік шараларды ұйымдастырған кезде мектеп мұғалімдерімен, оқушыларымен үнемі байланысып отырамын. Мектепте ата-аналармен жұмысты жандандыруды дұрыс деп есептеймін. Балаларымыз белсенді, олай болса ата-ана мұғалімдермен бірлесіп жұмыс жасауы керек деп ойлаймын. Біздің заманымызға қараған кезде, қазіргі баларда арман жоқ. Бәрі бар. Оқуға бүкіл жағдай жасалған. Тек тәртіпті, ізденімпаз болуы қажет. Оқушылар көптеген шараларға қатысып жатыр.


Дегенмен де үйірмелерге қатыстырып, әрбір оқушының шығармашылығын жетілдірген дұрыс деп ойлаймын.

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай, талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы етеді:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын - алу шараларына арналған жұмыстар дөңгелек үстел, танымдық сағаттар, психологиялық тренингтер үнемі жүргізілсін.
2. «Әкелер мектебі» жұмысын жан – жақты ұйымдастырып, мектеппен үнемі байланыста болу міндеттелсін.

Жиналыс
Хатшы:

төрағасы:



К. С. Сыдықов
Т.М. Мейрман

Хаттама №2

Бүгін, яғни 25 ақпан 2022 жылы Баршақұм орта мектебінде қамқоршылық кеңестің жиналысы болып өтті.

Күн тәртібі:

1. Білім алушылардың ішкі тәртіп Ережесінің сақталуы;
2. Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы.
3. Білім беру басшысының есебі.

Тыңдалды:

1. Білім алушылардың ішкі тәртіп ережесінің сақталуы және мектеп оқушыларының сабаққа қатысымы, сонымен қатар көшеде жүру тәртібі туралы айтылды. Жалпы мектеп бойынша өрескел тәртіп бұзушылық болмағанын және себепсіз саақтан қалмайтындарына тоқталды. Және де психолог, сынып жетекшілер үнемі ата-анамен байланыста болып, жан - жақты жұмыс жасап отыр.

2. Мектеп оқушылары қосымша білім беру бойынша домбыра, спорт, математика және әдебиет үйірмесіне тартылған. Спорт үйірмесі бойынша; теннис, шахмат, волейбол үйірмелері жұмыс жасайды.

Математика үйірмесіне : 23

Әдебиет үйірмесіне : 21

Спорт үйірмесі: 40

Домбыра үйірмесі: 8 оқушы қатысады. Сонымен қатар осы үйірме оқушылары аудан, облыс деңгейіндегі жарыстарға қатысып жүр.

3. Баршақұм орта мектебінде биылғы оқу жылында 56 бала оқиды. 21 мұғалім, 2 тәрбиеші, кітапханашы, лоборант, психолог, хатшы және 16 техникалық қызметкер жұмыс жасайды. Барлығы 43 адам жұмыс жасайды. Жұмыс жасауға, оқушылардың білім алуына жағдай жасалған.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сұрақ болған жоқ.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөйлеушілер:

1. А. Төрешұратова (кәсіпкер) – Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып отырмыз. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық туралы ақпарат құралдарында көп айтылып жатыр. Оқушы мектеп ережесіне бағыну керек. Мектеп мүлкін күтіп ұстауға, кішіге қамқор, үлкенге көмек көрсетуге үйрету қажет. Сондықтан әркім өз баласын қадағалап, жақсы қасиеттерге баулуымыз керек. Қазір интернет желісі жетілген заман. Кәмелетке толмағандар еліктейді. Сол себептен бала тәрбиесінде ата - анамен мектеп мұғалімдері тығыз байланыста болуы қажет. Қосымша білім беру бойынша оқушылар үйірмелерге қатысады. Өте жақсы. Оқушылар мерекелік кештерде домбырамен күй тартып, спорттық сайыстарға белсене қатысады. Әрбір мереке сайын әдебиет үйірмесінің мүшелері қойылымдарға қатысып, биылғы оқу жылында 10 оқушы республикалық байқауларға қатысты.

2. Ж. Азиев (ата-ана, кәсіпкер) – Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдап, талқылап отырмыз. Мектепте біраз жұмыстар мұғалімдердің атсалысуымен атқарылып жатыр. Жалпы мектеп оқушылары түгелге жуық оқулықпен қамтылып тұр. Аулымыздағы білім ошағы болғандықтан жанымыз ашып, қолдау көрсетіміз қажет. «Мектепке жол» акциясы жылда ұйымдастырылады. Ұстаздар қауымына рақмет.

3. Л. Нұрбергенова (зейнеткер) – Мен осы мектепте көп жыл жұмыс жасадым Мектепте ата-аналармен жұмысты жандандыруды дұрыс деп есептеймін. Балаларымыз белсенді, олай болса мұғалімдермен бірлесіп жұмыс жасайық дегім келеді. Біздің заманымызға қараған кезде, қазіргі баларда арман жоқ. Бәрі бар. Оқуға бүкіл жағдай жасалған.

үшін ұрпағымыз саналы болу керек. Сананың ашықтығы деп жатырмыз. «Мәңгілік ел» болу үшін ұрпағымыз саналы, бәсекеге қабілетті болуы шарт. Мекеме басшысы жан- жақты, елін, жерін сүйетін адал болуы керек. Аулымыздың болашағын ойлап, осы мектепті сақтап, қазіргі заман талабына сай жабдықтауға ат салысу керек.

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай, талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы етеді:

1. Білім алушыларды ішкі тәртіп ережесіне бағынып, әдеп нормаларының қағидаттарын орындауға үйрету.
2. Оқушының бос уақытын тиімді пайдалану үшін, қосымша білім беру жұмыстарына қатыстырып, ғылыми жобаларға қатыстыруға жағдай жасалсын.

Жиналыс төрағасы:  Ж. С. Сыдықов
Хатшы:  Т.М. Мейрман

Хаттама №3

Бүгін, яғни 9 қыркүйек 2022 жылы Баршақұм орта мектебінде қамқоршылық кеңестің жиналысы болып өтті.

Күн тәртібі:

1. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру;
2. Көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы балаларының оқулықпен қамтылу..

Тыңдалды:

1.ДТЖО: Т. Мейрман «Мектепке жол» акциясының ұйымдастырылып, мұғалімдер қауымы түгел атсалысқаны туралы айтып, оқушыларға спорттық красовка , сумка алып бергендіге туралы есеп берді.

р/с	Аты -жөні	мектебі	Сыныбы	Жынысы жасы	Әлеуметтік жағдайы	қажеттілігі	размер
1	Алпысбай Индира	Баршақұм орта мектебі	4 сынып	Қыз	Толық емес отбасы	Спорттық красовка	Раз. 36
2	Алпысбай Мархабат	Баршақұм орта мектебі	5 сынып	Қыз	Толық емес отбасы	Спорттық красовка	Раз. 37
2	Жанбаев Ақзат	Баршақұм орта мектебі	9сынып	Ұл	Жартылай жетім	Крассовка Сумка	Раз 39
3	Мұхамбетова Аяулым	Баршақұм орта мектебі	6 сынып	қыз	Жартылай жетім	Крассовка сумка	Раз 37
4	Алпысбай Қарақат	Баршақұм орта мектебі	7 сынып	қыз	Толық емес отбасы	етік	Раз 37

2. Сонымен кәсіпкерлер тарапынан демеушілік жоқ екендігі туралы айтылды. «Мектепке жол» акциясы республика көлемінде жылыма – жыл ұйымдастырылатын шара екендігі туралы айтылып өтті. 2022- 2023 оқу жылында көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы балалары түгел оқулықпен қамтылды. Сұрақ болған жоқ.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөйлеушілер:

1. **Т. Жалмұханов (зейнеткер)** – Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып отырмыз. Мұғалімдердің демеушілігімен «Мектепке жол» акциясын жылда ұйымдастырады. Ұстаздар қауымына рақмет. Осы акцияға кәсіпкерлер де атсалысу керек. Мектепте аз қамтылған оқушылар жоқ. Бірақ көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасының балалары оқиды. Сол себепті демеушілік жасаған дұрыс деп ойлаймын. Мемлекет тарапынан тегін оқулықпен қамтылып тұрғаны өте жақсы.

2. **(ата-ана)** – Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдап, талқылап отырмыз. Оқушы мектеп ережесіне бағыну қажет. Және де қосымша білім беру оқушы үшін өте тиімді. Әрбір оқушы өзіне қажет немесе қызығатын бір нәрсемен айналысқан дұрыс. Оқушының уақытын тиімді пайдалануға ықпал етеді. Ата - ана баласына көңіл бөліп, нақты немен айналысады, қосымша білім беру бойынша үйірмеге қатыстыруымыз қажет. Мектеп оқушылары домбыраны жап жақсы тартып жүр. Шахматтан Жанболатова Назира облыстық деңгейде жарысқа қатысып жүр. Білім беру басшысының есебін тыңдадық. Мектепте біраз жұмыстар жасалды. Аулымыздағы білім ошағы болғандықтан жанымыз ашып, қолдау көрсетуміз қажет.

3. **Ыбыраева А. (зейнеткер)** – Мен осы мектепте көп жыл жұмыс жасадым . «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру жақсы жолға қойылған. Ақпан айында «Қайырымдылық» акциясын ұйымдастырады. Ауыл кәсіпкерлері тарапынан да, демеушілік жасалса деймін.

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай, талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы етеді:

1. Күн тәртібіндегі мәселені тыңдай отырып, ауыл кәсіпкерлерінің мектепке демеушілік жасауы жолға қойылып, «Мектепке жол» акциясы келесі жылы кең көлемде ұйымдастырылсын.
2. Көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы балалары оқулықпен толық қамтылсын.

Жиналыс
Хатшы:

төрағасы:


К. С. Сыдықов


Т.М. Мейрман